12. Harmonization of national and international systems of concepts.
13. Main terminology and its use.
14. Speaking skills development using terminology.
15. Listening and understanding of profession-oriented texts.
16. Working with vocabulary.
17. General Principles and methods in teaching special needs children.

18. Professional terminology. Glossary of special education and psychology terminology.
19. Special profession-oriented aid and its using in professional situations. Professional competencies of special education teacher.
20. Awareness of working with texts in English, dialogue and monologue of professional content.

Independent student's project topics

Power Point presentations and annotation of research papers, designing abstracts on the following topics:

1. Special education development and current issues in Kazakhstan.
2. Special education provision abroad.
3. Types of children disabilities and other special needs.
4. Current issues in special education abroad
5. Educational Support for Inclusion
6. Special education-current trends
7. Educating children with special needs
8. Special needs teaching ideas
9. Effective Teaching Practices for Students in Inclusive Classrooms
10. The Benefits of inclusive education
11. Oral presentation and research discussion.
12. Thesis writing proposal.
13. Culture of research discussion. Standard turn of speech in research discussion or round table.
14. Main principles of running research discussion.
15. Student-oriented education in current correction pedagogy.
16. Class in term of correction-developmental teaching.
17. The organization of teaching-learning process in special school.
18. Recording the developmental and individual peculiarities of children with SEN in the process of correction-developmental teaching.
19. The review of scientific literature on the issue of research.
20. Children Have the Right to Be Included

Recommended references

Main literature

1. Бейлинсон , Л. С. Профессиональная речь логопеда : Учебно-методич. пособие / Л. С. Бейлинсон. - М.: Сфера , 2005 . - 160 с.
2. Савостьянов, А. И. Техника речи в профессиональной подготовке учителя / А.И. Савостьянов. - М. : ВЛАДОС , 2001. - 144 с.
3. Ахманова, О. С. Словарь лингвистических терминов. - М., 1966.

4. Психологический словарь /Под ред. В.П.Зинченко, Б.Г.Мещерякова. - 2-е изд. перераб. и доп. - М.: Педагогика-Пресс, 1997.
5. Культура русской речи. Учебник для вузов. Под ред. проф. Л. К. Граудиной и проф. Е. Н. Ширяева. - М.: Издательская группа НОРМА-ИНФРА М, 1999. - 560 с.
6. Красивова А.Н. Деловой русский язык: Учебно-практическое пособие. - М.: Из-во МФА, 2001. С. 80.
7. Макаров, М.Л. Основы теории дискурса / М.Л. Макаров. - М., 2003.
8. Казахско-русский, русско-казахский словарь/ под ред. Р.Г. Сыздыковой, К.Ш., Кусаин.- Алматы: Дайк-Пресс, 2002.
9. Специальная педагогика. /Под ред. Н.М.Назаровой М., «Академия» 2006.
- 10.Бурлачук Л.Ф., Морозов С.М. Словарь справочник по психологической диагностике. – Киев, 1989.
- 11.Айсмонтас Б.Б. Общая психология: Схемы. -М., 2002.
- 12.Настольная книга педагога-дефектолога /Т.Б.Епифанцева и др. Изд.3-е – Ростов н/Д: «Феникс», 2007.

Additional literature

1. Выготский Л.С. Проблемы дефектологии. М., 1995.
2. Коджаспирова Г. М. Педагогика в схемах ,таблицах и опорных конспектах. — М., Айрис Пресс, 2007.
3. Нестерова О.В. Педагогическая психология в схемах, таблицах и опорных конспектах: учеб.пособие для вузов.- М.: Айрис-пресс, 2006.-112с.
4. Сулейменова Р.А. Система ранней коррекционной помощи детям с ограниченными возможностями в Казахстане: проблемы создания и развития. Алматы, 2001.
5. Леонтьев А.Н. Лекции по общей психологии. -М., 2005.
6. Мухина В.С. Возрастная психология: феноменология развития, детство, отрочество.-М.Академия, 2004 г.
7. Львов А. Словарь по методике преподавания русского языка. М.-1996.
8. Намазбаева Ж.И. Психология. Алматы. «Prints», 2005.
9. Намазбаева Ж.И., Сангилбаев О.С., Орысша - қазақша психологиялық сөздік. Алматы. «Prints» 2005.
- 10.Ф.Г. Брулева, С.Б. Бегалиева и др. Русский язык. Синтаксис, пунктуация, синонимика, речевые жанры, текст, культура речи. Риторика. Алматы, «Мектеп», 2007г.
- 11.М.Р. Насырова. Практический курс русского языка. Алматы, 1987г.
- 12.Герасименко Н.А. Русский язык.-М.:Академия,2010

Referential literature

1. 25.Словарь по социальной педагогике: Учеб.пособие: Рекомендовано УМО / Авт.- сост. Л.В. Мардахаев. - М.:Издательскийцентр "Академия", 2005. - 368 с.
2. 26. Дефектологический словарь. – в II томах. / Под ред. Пенина Г.Б. М.- 2007.
3. 27. Дефектология. Словарь справочник. / Под ред. Б.П. Пузанова. – М., 2007.
4. Селиверстов В. И. Словарь логопеда.- М.- 2005

Literature of policies

1. 33. Государственные общеобязательные стандарты среднего общего образования РК. Начальное общее образование. –Алматы: 2010.
2. 34.Закон РК «О социальной и медико - педагогической коррекционной поддержке детей с ОВ» от 11 июля 2003г., №343 – П ЗРК.
3. 35.Закон Республики Казахстан «О языках».
4. 36.Закон Республики Казахстан «Об образовании». Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011 – 2020 годы.

Internet resources

1. 37.Российская национальная библиотека [Электронный ресурс]. – М., 2000. – Режим доступа: <http://www.nlr.ru:8101/>
2. 38.Электронная библиотечная система «КнигаФонд» <http://www.knigafund.ru/>
3. 39.Электронная педагогическая библиотека: <http://www.Pedlib.Ru>. (каталоги:Дефектология, Логопедия, Психология ...).
4. 40. <http://www.csnlg.com/blog/>
5. 41.[http://education.wm.edu/centers/ttac/resources/articles/inclusion/effective teach](http://education.wm.edu/centers/ttac/resources/articles/inclusion/effective_teach)
6. 42. <http://libguides.usc.edu/content.php?pid=83009&sid=2772758>
7. 43. http://www.inclusivechildcare.org/inclusion_glossary.cfm
8. 44. <http://www.abc4lifesuccess.com/glossary.html>

Authors of the curriculum:

Autayeva, A.N.- Psy.D., Associate Professor, Head of the Special Education Department, Abay Kazakh National Pedagogical University.

Tajiyeva, M.K.- MEd., Early Years Lecturer, Early Years and Primary Education Department, Abay Kazakh National Pedagogical University.

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

АМТZhТА 2209 Арнайы мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі

5B010500 - Дефектология

2 кредит

Алматы, 2016

АЛҒЫ СӨЗ

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Рсалдинова А. Қ - п.ғ.к., доцент ҚРББЖКБАРИ Педагогика және инклюзивті білім беру кафедрасының меңгерушісі

Макина Л.К. - психол.ғ.к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ

5. ҚР БҒМ Републикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Түсіктеме

Азаматтық қоғам дамуының заманауи кезеңінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу мәселесінің өсуіне орай «Арнайы мектепте тәрбиелеу жұмысының теориясы мен әдістемесі» курсы зерттеу болашақ арнайы педагогтарды кәсіби даярлауда маңызды орын алып отыр.

«Арнайы мектепте тәрбиелеу жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәні мүмкіндігі шектеулі жеткіншектермен балаларға қолданылатын тәрбиелеу үрдісінің спецификалық компоненттерін толық ашуға мүмкіндік береді. Бұл пән ҚР-ның мемлекеттік стандартының жоспарына сай 5B010500-Дефектология мамандығы бойынша базалық компоненттің міндетті пәндеріне кіреді.

«Арнайы мектепте тәрбиелеу жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәнін оқытудың **мақсаты** студенттердің отбасында және білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеудің түрлі стратегиялық мүмкіндіктері жайында түсініктерін қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

1. Мүмкіндігі шектеулі және қалыпты балаларды тәрбиелеудің педагогикалық жүйесінің негізгі түрлерімен және мазмұнымен таныстыру;
2. Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеудің педагогикалық жүйесінде түзету-педагогикалық үрдісті ұйымдастырудың мақсаты және қағидаларымен таныстыру;
3. Педагогикалық диагностиканың қортындысы бойынша тәрбиелік әрекеттің стратегиясын ескеру дағдысын қалыптастыру;
4. МШ балаларды тәрбиелеу мәселелері бойынша қазіргі таңдағы тиімді шешімді қабылдай білу қабілетін қалыптастыру;
5. Арнайы реабилитациялық орталықтағы, балабақшадағы, мектептегі тәрбиешілер қызметінің мазмұны жайында түсініктерін қалыптастыру;
6. Дамуында ауытқушылығы бар балалардың қарым-қатынасын қалыптастыру.

Пәнді игеру барысында қойылатын талаптар

Курсты оқыту студенттердің жалпы және арнайы педагогикалық, психологиялық, логопсихологиялық, сурдопсихологиялық білімдерін ескере отырып жүзеге асырылады.

Студенттердің жұмыстары дәріс, семинар, тәжірибе формасында МШ балаларды түзету-педагогикалық шаралар өткізілетін арнайы мекеме базасында ұйымдастырылады. Курста студенттердің өзіндік жұмыстары жүргізіледі.

«Арнайы мектепте тәрбиелеу жұмысының теориясы мен әдістемесі» курсы бақылаудың төмендегідей формаларын ұсынады:

– СӨЖ бойынша есеп;

- реферат;
- өзін тексеруге арналған сұрақтармен және тесттермен жұмыс жасау;
- эмитхан (тест).

Аталмыш тәрбие дисциплинасының мазмұны кең педагогикалық мағынада, яғни дамуында ауытқушылығы бар балаларды оқыту үрдісімен тығыз байланысты арнайы ұйымдастырылған үрдіс ретінде қарастырылады.

Білім алу үрдісінде студенттердің дамуында ауытқушылығы бар балалардың жалпы психикалық және коммуникативті тілдің дамуына түзетушілік, тәрбиелеу жұмысының ықпалы, кешенділігі, бүтіндігі туралы түсініктері қалыптасуы қажет.

Пәнді игеру деңгейіне қойылатын талаптар ҚР жалпыға міндетті білім беру стандартына сай маманның біліктілік сипатына сәйкес келеді.

Пәнді оқу нәтижесінде студент отбасында және білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеудің әдістерімен қағидалары және педагогикалық жүйесі жайында түсініктерді **білуі қажет**;

Пәнді оқу барысында студенттер **білуге міндетті**:

- МШ балаларды тәрбиелеудің психолого-педагогикалық негізін;
- МШ балаларды оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық мазмұнын және түрлерін;
- Әр түрлі жастағы дамуында ауытқушылығы бар балаларды тәрбиелеудің зерттеу жұмыстарын өткізуді және ұйымдастыру ерекшеліктерін;
- МШ балаларды тәрбиелеу жұмысын жүргізудің әдістері және формаларының ерекшеліктері;
- Арнайы және жалпы білім беру мекемелерінде түзету-тәрбиелеу үрдісінің мазмұнын;
- Дамуында ауытқушылығы бар балаларды тәрбиелеудің интеграциялық схемасын.

Білуі қажет:

- Арнайы педагог (логопед, сурдопедагог, олигофренопедагог, тифлопедагог), психолог, тәрбиеші, оқытушы және басқа да мамандар жұмысының байланыс формаларын, механизімін талдай білуді;
- МШ балаларды педагогикалық тексерудің әдістері мен амалдарын қолдануды;
- МШ балалардың оқу-тәрбие бағдарламасын талдауды;
- Сынып жетекшісінің, топ тәрбиешілерінің перспективті жоспарын құруды;
- Түрлі жастағы мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеудің мазмұнын және құралдарды іріктей алуды;
- Сабақта, түзету сабақтарында, режимдік сәтті жүргізу барысында түзету-тәрбиелеу амалдарын, әдістерін дұрыс таңдай білуді;
- МШ балалардың отбасымен бірлесіп жұмыс жүргізуді.

Дағдыларды игеру керек:

- МШ балалардың мінез-құлықтық девиянтын айқындауды, ауытқушылығы бар балаларды тәрбиелеу бағытын анықтауды;
- Дамуында ауытқушылығы бар балаларды оқыту және тәрбиелеуді жүзеге асыру және өңдеуді;
- МШ балаларды оқытумен тәрбиелеу мәселелері бойынша мамандармен ата-аналарға кеңес беруді;
- Жалпы және арнайы білім беру мекемелерінде МШ балаларға тәрбиелеу жұмысын жүргізуді.

Бұл пәнді оқу барысында студенттердің құзіреттілігін қалыптастыруға көмектеседі:

- тәрбиелеуді ұйымдастырудың әдістерімен әдістемелерін, амалдарын, тиімді қолдана білу икемділігі;
- МШ балалардың ата-аналарымен, мамандарымен, балалармен бірлесіп жұмыс жасаудың формаларын жүзеге асыра білу икемділігі.

Пререквизиттер тізімі

Оқушылардың даму физиологиясы

Педагогика (Бөлім: «Тәрбиенің теориясымен әдістемесі»)

Психология

Білім беру менеджменті

Инклюзивті білім беру

Календарлық-тақырыптық жоспар

№	Пәннің тақырыптық атауы	Апта	Аудиториялық сабақтар		Тапсырма түрі		Барлығы (с.)
			Дәріс (с.)	Семинар (с.)	СОӨЖ	СӨЖ	
1	Мүмкіндігі шектеулі балалармен тәрбие жұмысын жүргізудің теориялық негізі.	1	1	1	3	3	8
2	Арнайы білім беру мекемелеріндегі тәрбие жұмысы және оның ерекшелігі.	2-3	2	2	9	9	22
3	МШ балалардың тәрбие үрдісін ұйымдастырудың формалары мен әдістері.	4-5	2	2	5	5	14
4	МШ балаларға қосымша білім берумен отбасылық тәрбиенің ерекшеліктері.	6	1	1	3	3	8
5	МШ балаларды тәрбиелеуде балалар ұжымының рөлі.	7	1	1	2	2	6
6	Арнайы мектепте тәрбиенің қазіргі кездегі технологиялары.	8-9	2	2	4	4	12
7	Тәрбиелеудің негізгі бағыттары.	10-13	4	4	1	1	10
8	МШ балалармен жеткіншектердің өзін-өзі	4	1	1	1	1	4

	тәрбиелеуін ұйымдастыру.						
9	Арнайы білім беру мекемелеріндегі тәрбиешінің тұлғасы және кәсіби қызметі.	15	1	1	2	2	6
	Барлығы	15	5	5	30	30	90

Пән мазмұны

Тақырып 1. Мүмкіндігі шектеулі балаларға тәрбие жұмыстарын жүргізудің теориялық негізі.

«Арнайы мектепте тәрбиелеу жұмысының теориясы мен әдістемесі» курсының мақсаты, міндеті. Баланың тұлғалық қалыптасу үрдісіндегі түпкі өзіндік адами қасиетін қалыптастыру. МШ балалар дамуының жасерекшелік кезеңдерінің ерекшеліктері және мәні. МШ балаларды тәрбиелеу үрдісіндегі ғылыми-әдістемелік зерттеулер, тәжірибелер, бұрынғы прогрессивті ойлар. Арнайы және жалпы педагогиканың тәрбиелеу жұмысын жүргізу барысындағы теориялық және әдістемелік байланыстар. Арнайы және жалпы психология, жасерекшелік физиологиясымен мектеп гигиенасы.

МШ балаларды тәрбиелеу жұмыстарын жүргізудің теориясымен мәселелерінің ғылыми зерттеу әдістері.

Тақырып 2. Арнайы білім беру мекемелеріндегі тәрбиелеу үрдісі және оның ерекшеліктері.

Тәрбиенің теориясымен әдістемесінің философиялық тарихи аспектілері. Тәрбие қоғамның көрінісі. Тәрбие сөзінің кең және тар мағынасы. Адам және қоғамның жетілуі, гормонизация мәселесі. Ерте мектепке дейінгі және мектептегі балалық кезеңде қоғамдық тәжірибені, жан және материалдық мәдениетті игеру. МШ баланың жеке тұлғасы-отбасы және арнайы білім беру мекемелерінде тәрбиелеудің объектісімен субъектісі. Қазіргі таңда қоғамдағы экономикалық және мәдени сферада болып жатқан өзгерістерге байланысты, арнайы білім беру мекемелеріндегі тәрбие жұмысының мазмұнын жаңалау және толықтыру қажеттілігі. Тәрбие үрдісін ұйымдастыруға қойылатын талаптар. Белсенді шығармашылық тұлғаны қалыптастыруда оқу, ойын және еңбек әрекетінің ролы. Тәрбиелеу барысында балалардың жеке, жасерекшелік және гендрлік ерекшеліктерін ескеру. МШ балаларды ерте және мектепке дейінгі, мектептік кезеңде тәрбиелеудің ерекшеліктері. Арнайы білім беру мекемелеріндегі тәрбие жұмысының бағыттары: еңбек, патриоттық, құқықтық, этикалық, экологиялық тәрбие. Тәрбиенің жалпы педагогикалық қағидалары. МШ балаларды тәрбиелеудің спецификалық қағидалары.

Тақырып 3. МШ балалардың қатысуымен тәрбие үрдісін ұйымдастырудың формалары мен әдістері.

МШ бала - тәрбиенің субъектісі. МШ балаларды ерте дамытуға арнап құрылған тәрбиелеу бағдарламасы. Арнайы мектепке дейінгі балабақшада оқыту және тәрбиелеу бағдарламасы. Оқушыларды тәрбиелеу туралы

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Тәрбие жүйесінің түсінігі. Тәрбиелеу әдістерімен амалдарының жалпы түсінігі. Тәрбиелеу әдістерінің классификациясы. МШ балаларға тәрбиенің әдістерін жүзеге асырудың спецификалық амалдары. Сендіру әдісінің спецификасы және болмысы. Арнайы балабақшамен мектептегі жаттығу әдістерінің ерекшеліктері. Бағалау және өзін-өзі бағалау әдістеріне сипаттама. Балалардың әлеуметтік тәжірибесін қалыптастыру әдістері. Тәрбиенің құралдары мен формалары. МШ балалар өздерінің әлеуметтік тәжірибелерін түйсіну. Мінез-құлық және іс-әрекет мотивациясы. Стимуляциялау әдістері. Жарыс, үлгі көрсету, жеңіске жету жағдайын жасау. МШ баланың жеке тұлғасына тәрбиелеу әдістерінің әсері. Арнайы реабилитациялық орталықта, балабақшада, мектепте тәрбиелеу үрдісінің спецификасы.

Тақырып 4. МШ балаларға қосымша білім берумен отбасылық тәрбиенің ерекшеліктері.

МШ балаларды тәрбиелейтін отбасының және білім беру мекемелерінің түрлері және қызметі. 12 жылдық білім беруде, тәрбие жұмысын кәсіби-бағдарлау шеңберінде, мектеп пен отбасының бірлескен іс-әрекеті. МШ балаларға қосымша білім берудің негізгі бағыттары. Үйірмелер және профильді секциялар жұмысының тиімділігі. Үйде білім алатын мүгедек балаларға тәрбие жұмысын жүргізудің спецификасы. Үйде білім алатын мүгедек балаларға кәсіби бағдар беруде және әлеуметтік еңбек реабилитациясында ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың және мультимедиялық құралдардың ролі. Сыныптан тыс жұмыстың интеграциялық формаларының тәрбиелік мәні.

Тақырып 5. МШ балаларды дамытуда, тәрбиелеуде балалар ұжымының ролі.

Тәрбиелеу үрдісіндегі негізгі тұлға сынып жетекшісі және тәрбиеші. Педагогикадағы «Ұжым» түсінігінің мазмұны. Оқыту ұжымын қалыптастыру әдістері. Ұжымдық дамытушылық қызметі. Балалар ұжымын ұйымдастыру. Ұжымның қызметі. Тәрбиелеу ұжымының негізгі белгілерінің сипаты. Балалар ұжымын тәрбиелеудің жолдары, құралдары, әдістемелік негізі. Арнайы балабақша мен мектепте тәрбие беру ұжымын дамытудағы негізгі әдістердің ерешеліктері.

Тақырып 6. Арнайы педагогикадағы тәрбиенің қазіргі технологиялары.

Қазіргі таңдағы білім беру жүйесі (Р.Штайнердің Вальдорфск мектебі, сенсорлық дамудың педагогикалық жүйесі М.Монтессори және т.б.) Білім берудің мақсаты мен мазмұнына, әдістеріне, құралдарына, амалдарына, педагогикалық үрдістің технологияларына, оқу мен тәрбиелеуді ұйымдастыру формаларына, әкімшілік, педагогтар және оқушылар қызметіне жаңашылдық енгізу. Қазіргі білім берудің жаңа үрдісі: білім беру стандарты, қашықтан оқыту, инклюзивті білім беру, бірлесіп жұмыс жасауға тәрбиелеу.

Арнайы мектептің тәрбие жүйесіндегі мониторингтік технологиялар. Арнайы мектептің тәрбие жүйесіндегі жобалық технологиялар. МШ балалар тәрбиесінің деңгейін диагностикалау. Мектептегі тәрбие жұмысының тиімділігі және нәтижесін зерттеу әдістері. Арнайы мектептегі тәрбие үрдісін әдістемелік қамтамасыз ету. МШ балалардың мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеудің міндеті. Арнайы мектепте МШ балалардың мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеудің технологиясы.

Тақырып 7. Тәрбиелеудің негізгі бағыттары

МШ балалардың адамгершілік және эстетикалық тәрбиесі. МШ балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің мақсатымен міндеттері. МШ балаларға эстетикалық тәрбие берудің мақсатымен міндеттері. Эстетикалық тәрбие құралдары. Сыныптан және мектептен тыс эстетикалық тәрбие.

МШ Балаларды азаматтыққа және патриоттыққа тәрбиелеу. Экономикалық тәрбие және арнайы мектепте ұйымдастырудың ерекшеліктері. Арнайы мектепте экологиялық тәрбие жұмысының спецификалық мазмұны. Экологиялық тәрбиелеудің негізгі көрсеткіштері. Арнайы мектептегі еңбек және дене тәрбиесі. МШ балалардың тұлғалық қалыптасуы және әлеуметтік бейімделуін қалыптастыруда ең маңызды фактор - еңбек тәрбиесі. Арнайы мектептегі еңбек тәрбиесінің мақсаты, міндеті, негізгі құралдары. Кәсіби бағдар беру. МШ балаларға тәжірибелік әрекетті ұйымдастырудың әдістері. Арнайы мектептегі дене тәрбиесінің мақсаты, міндеті, негізгі құралдары.

Тақырып 8. МШ жасөспірімдер мен балалардың өзін-өзі тәрбиелеуін ұйымдастыру.

Өзін-өзі тәрбиелеу тәрбие үрдісінің жоғарғы этапы. Өзін-өзі тәрбиелеудің қажеттілігін айқындайтын факторлар Өзін-өзі тәрбиелеуге дайындығы және қажеттіліктің туындауы. Өзін-өзі тәрбиелеудің негізгі компоненттері. МШ балаларды өзін-өзі дамытудың және жетілдірудің белсенді жұмысына ынталандыру - тәрбиелеудің маңызды міндеті Арнайы мектеп оқушыларының өзін-өзі тәрбиелеу үрдісін ұйымдастыру және оның әдістері. Өзін-өзі тәрбиелеу үрдісінің құрылымдық компоненттері.Өзін сендіру және көз жеткізу әдісі. МШ балаларды өзін-өзі тәрбиелеудің педагогикалық жетекшілігі. МШ балаларға өзін-өзі тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастырудың негізгі бағыттары, формалары, әдістері, мазмұны.

Тақырып 9. Арнайы білім беру мекемелеріндегі тәрбиешінің тұлғасы және кәсіби қызметі.

Тәрбиеші қызметінің құқықтық негізі және қызметтік міндеттері. МШ балаларды тәрбиелейтін тәрбиешінің «Педагогикалық регламент» процедурасының аттестациясы. Тәрбиешінің кәсіби күзіреттілігінің критерилерімен өлшемдері. Арнайы білім беру мекемелеріндегі тәрбиешінің өзін дамытуға және кәсіби жетілдіруге арналған жеке кешенді жоспар. Тәрбиешінің кеңес беру әрекеті. Кәсіби қызмет жоспары және мониторингі.

Семинар сабақтарының тақырыптары

1. Тәрбиенің ғылыми теориялық негізі.
2. Шетелдік және отандық тәрбие мәселелері.
3. Қазіргі арнайы мектептердегі тәрбие үрдісі.
4. Тәрбие үрдісіндегі теориялық негіз, классификация және әдістеме, тәрбие әдістері.
5. МШ балаларды тәрбиелеудегі балалар ұжымының ролы.
6. Сынып жетекшісінің қызметін ұйымдастыру.
7. Арнайы мектепте тәрбиелеудің қазіргі технологиялары.
8. Арнайы мектептегі тәрбиенің түрлері.
9. Көп ұлтты мемлекетте толеранттылыққа тәрбиелеу.
10. МШ балалардың өзін-өзі тәрбиелеу әдістерімен технологиясы.
11. Қазіргі таңдағы тәрбиелеуші орта. Дамуында ауытқушылығы бар балалардың тұлғасын қалыптастыруда БАҚ-ның әсері.

Студенттің оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмыс сабақтар тақырыбының тізімі (СОӨЖ)

1. Арнайы мектепте тәрбие жұмысын жүргізудің мақсаты, міндеті, әдістері.
2. МШ балалардың тұлғасын дамытуда және қалыптастыруда объективті және субъективті факторлардың ролы.
3. және субъективті факторлардың ролы.
4. Тәрбие үрдісінің негізгі қызметі.
5. Арнайы мектепте тәрбие үрдісінің негізгі ерекшеліктері.
6. Тәрбие әдістері және олардың классификациялар жүйесі.
7. Тәрбиенің өзін-өзі тәрбиелеу және қайта тәрбиелеумен байланысы.
8. МШ балаларды тәрбиелеудің әдістері, формалары және амалдарының байланыстары.
9. Тәрбие негізгі құралдары және олардың классификациялар жүйесі.
10. Арнайы мектепте тәрбиелеудің формалары.
11. Оқумен тәрбиенің бірлігі және байланысы.
12. Арнайы мектепте сыныптан тыс жұмыстың спецификасы.
13. Арнайы мектептегі тәрбиенің сөздік әдісі.
14. МШ балалардың адамгершілік туралы түсініктері.
15. Арнайы мектепте этикалық әңгіменің мазмұнымен құрылымы.
16. МШ балалардың мінез-құлық мәдениетінің негізгі компоненттері.
17. МШ балалардың мінез-құлықтық мәдениет ережелерінің орындалмау себептері.
18. МШ балалардың мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу бойынша сабақ құрылымымен мазмұны.
19. МШ балалардың ойын әрекеті.
20. МШ балаларды жазалау және кешіру.

21. Арнайы мектепте МШ балаларға қолданылатын кешіру және жазалау амалдары.
22. МШ балалардың қоғамға пайдалы әрекеттерінің нәтижесін бағалау, есепке алу және жоспарлау.

Студенттің өзіндік жұмыс сабақтар тақырыбының тізімі (СӨЖ)

- Көрсетілген үлестірмелі материалды талдау нәтижесінің негізінде И.Г.Песталоццидің мекемесіндегі тәрбиелеу-білім беру әрекетіне сипаттама беру.
- Көрсетілген үлестірмелі материалдың негізін де И.Г.Песталоццидің балалар үйіндегі педагогпен баланың қарым-қатынасын сипаттау.
- «И.Г.Песталоцци мекемесіндегі бір күн» атты тақырыбы бойынша студенттер эссе жазу, оның мазмұнын талдау және материалдың тарихи-педагогикалық сәйкестігіне баға беру.
- «Ж.Ж. Руссо. Идеалды тәрбие» эссе жазу.
- Арнайы мектептегі сынып жетекшімен тәрбиешінің қызметтік міндеттерінің тізімімен танысу және олардың әрекеттерін салыстыру. Нәтижесін кесте түрінде көрсету.
- Тәрбие жұмысының жоспарымен бағдарламасына талдау жасап жазбаша резюме дайындау.
- Белгілі бір кезеңде (апта, ай, семестр) тәрбие жұмысының жоспарына фрагмент дайындау.
- «Арнайы мектепте тәрбие әрекетін қалай жоспарлау керек» атты әдістемелік нұсқау дайындау.
- Сынып жетекшісінің тәрбие жұмысын жоспарлау барысындағы типтік кателердің тізімін жасау.
- «МШ балаларға қатысты қазіргі тәрбиелеу жүйесімен концепциялары: М. Монтессори концепциясы, Р.Штайнердің Антропософстық мектебі. К.Орфтың музыкалық тәрбие жүйесі» атты тақырып бойынша глоссарий дайындау.
- «Тәрбиенің интеграциялық моделі» реферат дайындау.
- Тәрбие туралы педагог-классиктердің айтқан нақыл сөздерінен жинақ жасап оларды талдау.
- Қазіргі таңдағы жастар мәселесі жайлы кезеңдік үрдістен нақыл сөздер таңдап, нақыл сөздер жинағын толықтыру.
- «Қазіргі арнайы мектептердегі тәрбие жұмысының тиімді моделі» атты ұжымдық жоба дайындап оны қорғау. Шығармашылық топ құрып жүргізілген жұмыстар бойынша әңгімелесу.

«Мультимәдениетті қоғамда толеранттылыққа тәрбиелеу» презентациялық слайд дайындау. Слайдтың мазмұны:

1. Баланы тәрбиелеуде халықтық әдет-ғұрыптың болмысы және ерекшеліктері.

2. Баланы тәрбиелеуде мәдениеттер арасындағы айырмашылық.
3. Халықтық әдет-ғұрып бойынша баланы тәрбиелеудің қағидалары.
4. Халықтық педагогиканың әдет-ғұрыпында балаларды адамгершілікке (еңбексүйгіштікке, толеранттылыққа, патриоттыққа) тәрбиелеу.
5. Халық педагогикасы – халық мәдениетінің құрамдас және ажырамас бір өлігі Ұлт аралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу мен қалыптастыруда ұлттық салт-дәстүрімен әдет-ғұрыптардың рөлі. ҚР тұратын халықтардың мәдениет аралық байланыстары.
6. Тұлғаның басқа мәдениетке бейімделудің психологиялық мәселелері.
7. Қоғамның қазіргі даму кезеңінде МШ жоғары сынып оқушыларын азаматтыққа тәрбиелеудің ерекшеліктері.
8. Халық көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев және оның ұлт аралық келісімді күшейту бойынша әрекеттері; Қазақстан халқының Ассамблеясы.

Әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер

1. Воспитательная работа в школе. Пособие для директоров и педагогов общеобразовательных учреждений. – М., 2002.
2. Ерёмкин Ю.Л., Ерёмкина О.В., Ерёмкин А.Ю. Психодиагностика в учебно-воспитательной работе школы. – Рязань, 2000.
3. Маллер А. Р. Социальное воспитание и обучение детей с отклонениями в развитии: Практическое пособие. — М.: АРКТМ, 2000.
4. Педагогические технологии воспитательной работы в специальных (коррекционных) школах I и II вида. Часть 1: учебник для вузов» п.р Е.Г.Речицкой. М., Владос, 2009
5. Седова Л.Н., Толстолуцких Н.П. Теория и методика воспитательной работы. М., 2006
6. Специальная педагогика / под ред. Н. М. Назаровой. – М., 2000
Специальная дошкольная педагогика / под ред. Е. А. Стребелевой. – М., 2001.
7. Худенко Е. Д., Г. Ф.Гаврилычева, Е. Ю.Селиванова. Организация и планирование воспитательной работы в специальной (коррекционной) школе-интернате, детском доме: Пособие для воспитателей и учителей.-2-е изд. испр. и доп.-М.:АРКТИ,2006

Қосымша әдебиеттер

1. Библер В.С. Школа диалога культур: Идея, опыт, перспективы. – Кемерово, 1993.
2. Бондаревская Е.В. Ценностные основания личностно ориентированного образования // Педагогика. – 1995. – № 4.
3. Борытко Н. М. Педагог в пространствах современного воспитания. Волгоград, 2001
4. Гликман И.З. Теория и методика воспитания. М., 2002

5. Грибанова Г.И. Скаутизм как воспитательная система // Педагогика. – 1992.
6. Макаренко А.С. Воспитание в семье и школе. – М., 1980.
7. В.А.Сухомлинский. О воспитании. М., Педагогика, 1998

Анықтамалық әдебиеттер

С.С.Степанов. Дефектология. Словарь-справочник..(под ред. Б.Л.Пузанова)
М., «Творческий центр» , 2005
Интернеткөздері: <http://www.imobilco.ru/books/-/623043>

Бағдарлама авторлары:

Аутаева А.Н. - психол.ғ.к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ
Денисова И.А. - п.ғ.к., аға оқытушы Абай атындағы ҚазҰПУ
Жаканбаева Б.Б. – оқытушы, магистр Абай атындағы ҚазҰПУ

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

MShBMOA 3301 Мүмкіндігі шектеулі балаларға математиканы оқытудың
арнайы әдістемесі

5B010500 – Дефектология

3 кредит

Алматы, 2016

АЛҒЫ СӨЗ

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Рсалдинова А.К.- п.ғ.к., доцент РММ «Өрлеу»

Жумабаева А.Е. – п.ғ.д., профессор Абай атындағы ҚазҰПУ

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Түсінік хат

«Мүмкіндігі шектеулі балаларға математиканы оқытудың әдістемесі» ҚР МЖМБС сәйкес 5B010500- Дефектология мамандығының міндетті пәні болып саналады.

«Мүмкіндігі шектеулі балаларға математиканы оқытудың арнайы әдістемесі» пәннің негізгі мақсаты: Студенттердің мүмкіндігі шектеулі балаларға математиканы оқыту теориясы аумағындағы білімдерін кеңейту және тереңдету. «Мүмкіндігі шектеулі балаларға математиканы оқыту әдістемесі» пәні «Дефектология» бөлімінің 3 курс студенттеріне арналған және арнайы педагогика және арнайы психология курсты оқу барсында алынған білімдеріне негізделеді. Пән мүмкіндігі шектеулі балаларға математиканы оқытудың негізгі бағыттарын қағидаларын формаларын ұйымдастыру әдістемелерін ашып көрсетеді. «Мүмкіндігі шектеулі балаларға математиканы оқыту әдістемесі» пәнінің негізгі міндеттері мынадай:

Арнайы мектепте математиканы оқытудың негізгі мақсатын, міндетін оқыту әдістемесін ашып көрсету.

Арнайы мектепте математиканы оқыту үрдісінің ерекшелігіне, ұйымдастырылуына, математиканы оқыту формаларына, амалдарына, құралдарына сипаттама және түсінік беру.

«Мүмкіндігі шектеулі балаларға математиканы оқыту әдістемесі» пәнін оқыту барсында студенттердің курс мазмұны және міндеті пәні туралы; математика ғылымында қолданылатын ғылыми зерттеу әдістемесі туралы; Арнайы мектепте (зияты, сөйлеу тілі, көру және есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған мектеп) математика сабағын өткізу және ұйымдастыру ерекшелігі туралы; арнайы мектепте математиканы оқытудың арнайы әдістемелері мен алдарын қолдану туралы; арнайы мектепке арналған математика пәні бойынша бағдарлама құрлымының ерекшеліктері туралы **білімі** қалыптасады. Мүмкіндігі шектеулі балаларға математиканы оқыту пәнің әр бір бөлімін оқығаннан кейін студенттер оқу әдістемелік талдау және конспектілеу біліктілігін игерген әдебиеттердегі материалдар бойынша практикалық бекіту жұмыстары жүргізіледі, сабақ конспектілерін құрады және талдайды, академиялық ойын арқылы сабақ жүргізеді математика пәні бойынша оқытушының календарлық жоспарын жасап үйренеді, өзіндік және бақылау жұмыстарын орындайды көрнек дидактикалық материалдарды талдайды және дайындайды.

Әрбір бөлімді оқығаннан кейін, бөлімді бекіту бойынша семинарлық сабақтар арнайы мектепте өткізіледі. Арнайы мектепте студенттер оқытушылар өткізетін математика сабағын бақылайды талдайды және практика барсында курстың мағызды тақырыбын игереді. Бұндай жұмыстың негізгі мақсаты бақылау (сабақты талдау және арнайы мектепте математикалық білімді игеру қыйншылықтарын мен ерекшеліктерін анықтау) сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі балаларға математиканы

оқытудың тиімді әдістемесімен амалдарын табу туралы біліктіліктерін, дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Білім алушылардың күзіреттілігі:

Математика ғылымын зерттеу әдістемелерін, міндеттерін, пәнін, нысанын білу. Кіші мектеп оқушыларына математиканы оқыту теориясымен практикасының даму бағыттары және тенденциялары туралы түсініктерінің болуы.

Кіші мектеп оқушыларының математика курсының мазмұнын оқу барсында, математиканы оқытудың әдістеместілік амалдарымен технологияларын игеру.

Бастауыш сыныпқа арналған оқу бағдарламасы бойынша математика сабағын жоспарлау, өткізу және талдаумен байланысты дидактикалық біліктілікті игеру.

Курсты оқып болғаннан кейін білім алушылар арнайы мектепте математикадан сабақ беру теориясымен әдістемесі аумағында күзіретті болуға және оқу үрдісінде алған білімдерін қолдана білуге міндетті.

Әдебиеттерде толық көрсетілген мүмкіндігі шектеулі балаларға математиканы оқыту әдістемесі пәнінің жеке тақырыптары студенттердің өзіндік орындауына беріледі.

Пәннің тақырыптық жоспары

Кіріспе: « Мүмкіндігі шектеулі балаларға математиканы оқытудың әдістемесі пәні, міндеттері, мазмұны»:

1. Арнайы мектептегі математика пәнін оқыту бағдарламасы;
- 2 . Арнайы мектептерде математиканы оқыту әдістері және тәсілдері;
- 3 . Арнайы мектептерде математиканы оқытуды ұйымдастыру және оқыту ерекшеліктері;
- 4 . 10 шамасындағы сандарды оқыту әдістемесі;
- 5 . 20 шамасындағы сандардың нөмірлеуін және олармен арифметикалық амалдарды орындауын оқыту әдістемесі;
- 6 . 100 шамасындағы сандардың нөмірлеуін және олармен арифметикалық орындауын оқыту әдістемесі;
- 7 . Арнайы мектептерде метрикалық өлшемдер жүйесін оқыту әдістемесі;
- 8 . Көбейту және бөлу кестелерін оқыту әдістемесі;
- 9 . 1000 шамасындағы және көптаңбалы сандардың нөмірлеуін және олармен арифметикалық амалдарды орындауын оқыту әдістемесі;
- 10 Қарапайым және күрделі арифметикалық есептерді шешуге оқыту әдістемесі;
- 11 Арнайы мектептерде геометриялық материалды оқыту әдістемесі;
- 12 Көлемді өлшеудің және олармен жұмыс жасауда шыққан сандарды оқыту әдістемесі;
- 13 Уақыт өлшемдерін оқыту әдістемесі;

- 14 Арнайы мектептерде жай бөлшектерді оқыту әдістемесі;
- 15 Арнайы мектептерде ондық бөлшектерді оқыту әдістемесі;

Пререквизиттер тізімі:

1. Арнайы педагогика «Дидактика» бөлімі.
2. Арнайы психология «Мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық ерекшелігі».

Постреквизиттер тізімі:

1. Зияты, сөйлеу, көру және есту қабілеті зақымдалған балаларға математиканы оқыту әдістемесі.
2. Қол еңбегі сабағын оқыту әдістемесі.
3. Айналамен таныстыру әдістемесі.

Пәннің мазмұны

Кіріспе: Математика арнайы мектептің оқу пәні ретінде мүмкіндігі шектеулі балалардың белгілі бір мөлшерде математикалық түсініктерін, білімділіктерін, дағдыларын игеруге себеін тигізуге міндетті.

Пәннің оқыту мақсаты. Студенттерге арнайы (түзету) мектептерінде математика пәнін педагогикалық ұйымдастыру және дидактикалық әдістемелік ерекшеліктерге байланысты білім беруін қалыптастыру.

Пәннің нысаны: «Дефектология» мамандығының мемлекеттік стандарт талаптары бойынша (2010 ж) «Мүмкіндігі шектеулі балаларға математиканы оқытудың әдістемесі» пәні жоғары кәсіби білім беру компоненті.

Курстың пәні: «Дефектология» мамандығының мемлекеттік стандарт талаптары бойынша «Мүмкіндігі шектеулі балаларға математиканы оқыту әдістемесі» пәніні студенттердің білімдер, біліктіліктер, дағдылар жүйесін қалыптастыру процесі.

Пәннің мақсаты – студенттерге арнайы мектепте математика пәнінің мазмұнын, оқыту әдістемесін ашу, негізгі теория және тәжірибе сұрақтары туралы білімдерін қалыптастыру. «Мүмкіндігі шектеулі балаларға математиканы оқыту әдістемесі» курсы педагог - дефектолог деген мамандық дайындау жүйесінде маңызды орын алады және негізгі арнайы әдістемелерінің бірі болып саналады.

Пәннің міндеттері:

1. Арнайы мектепте математиканы оқытудың әдістемесі білім беру, тәрбиелеу, дамыту - түзету міндеттерін анықтау.
2. Мүмкіндігі шектеулі балаларға математиканы оқытудың әдістемесі пәні бойынша студенттерге білімдері мен біліктіліктер жүйесін меңгеру ерекшеліктерімен таныстыру.
3. Арнайы мектепте математиканы оқыту әдістемесімен таныстыру.

4. Студенттерді арнайы мектепте математика сабақтары мен сыныптан тыс сабақтар барысында оқу-тәрбиелеу үрдісін қалыптастыру, дайындау және көрнекі - дидактикалық жабықтарды жасауды үйрету.

«Мүмкіндігі шектеулі балаларға математиканы оқыту әдістемесі» пәнін арнайы педагогика, арнайы психологиямен бастауыш мектепте математиканы оқытудың негізімен тілге оқытудың әдістемесімен айналамен таныстыру әдістемесімен тығыз байланысты.

1. Арнайы мектептердегі математика пәніне оқыту бағдарламасы:

Математика бойынша оқу бағдарламасы пәннің мазмұнын ашатын негізгі мемлекеттік құжат болып табылады. Математиканы оқыту мазмұнының негізгі компоненттері. Білім, біліктілік, дағды.

Арнайы мектептегі математика бағдарламасының ерекшеліктері, құрам компоненттері. Бағдарламаның негізгі құрылу қағидасы; әр жыл бойы жаңа білімдердің бейімделген көлемі қағидасы, материалдың консетірлік орналасуы қағидасы, үздіксіз қайталау қағидасы.

Арнайы және жалпы мектепте математика пәнін оқыту бағдарламасындағы өзекті мәселелеріндегі өзгерістер мемлекеттік саясаттың жаңа міндеттеріне сәйкес. Математика пәні бойынша эксперименттік бағдарлама

2. Арнайы мектептерде математиканы оқыту әдістері және тәсілдері:

Арнайы мектептерде математиканы оқыту әдістерін, тәсілдерін анықтау. Оқыту әдістерінің түрлері. Оқыту әдістеріне қойылатын талаптар. Математиканы оқытудағы әдістердің рөлі. Математиканы оқыту әдістерін жетілдіру. Математика оқу құралы-оқу процесінің маңызды элементі. Көрнекі құралдар және оларға қойылатын талаптар. Математика сабағын оқытудың техникалық құралдары. Дидактикалық материалдар. Математикаға оқытудың тәсілдері, әдістері және қағидаларының өзара байланысы.

3. Арнайы мектептерде математиканы оқытуды ұйымдастыру және оқыту ерекшеліктері:

Жалпы және арнайы мектептерде математиканы оқытудың ұйымдастыру түрлері.

Математика сабақтарының топтастыруы (Пышкало А.М., Слезина Н.Ф., Л.Н.Перова т.б.) математика сабақтарының жүйесі. Математика сабағының сабақ құрлымы. Қазіргі таңда арнайы мектептерде математика сабағын жүргізуде қойылатын негізгі талаптар.

Арнайы мектептерде математика сабақтарының жүйесі, олардың тәжірибелік бағыты.

Арнайы мектепте сыныптан тыс оқытудың түрлері. Үй тапсырмасы. Математика сабағын жоспарлау. Математика бойынша балалардың алған білім, білік, дағдыларын тексеру.

4. 10 шамасындағы сандарды оқыту әдістемесі:

Арнайы мектепте 10 шамасындағы сандарды оқыту(уақыт, кезең). 10 шамасындағы сандарды оқытудың мазмұны мен міндеттері. Он шамасындағы сандардың нөмірлеуін оқыту әдістемесінің негізгі сұрақтары: санның құрылуы, жазылуы, көптіктермен сандарды сәйкестендіруі, сан қатарындағы әр санның орны, сандарды салыстыру, санның құрамы. 10 шамасындағы сандарды қосу және азайтуды оқыту әдістемесі. Қосу және азайтуды орындау тәсілдері: қайталап санау, берілген саннан бастап санау, бір таңбалы сандардың құрамын білуіне негізделіп санау.

10 шамасындағы сандарды оқыту әдістемесі тақырыбына қолданылатын көрнекі – дидактикалық жабдықтар.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың 10 шамасындағы сандарды оқыту әдістемесі тақырыпбын меңгерудегі кездесетін қиыншылықтар мен ерекшеліктер.

5. 20 шамасындағы сандардың нөмірлеуін және олармен арифметикалық амалдарды орындауын оқыту әдістемесі:

20 шамасындағы сандардың нөмірлеуін оқыту мазмұнымен міндеттері. 20 шамасындағы сандардың нөмірлеуін оқыту әдістемесі және жүйесі. 20 шамасындағы сандарды арифметикалық қолданылатын әдістер мен тәсілдері.

20 шамасындағы сандарды оқу кезінде қолданатын көрнекі және дидактикалық жабдықтар.

Арнайы мектеп оқушыларының 20 шамасындағы сандардың нөмірлеуін және олармен арифметикалық амалдарын орындауда кездесетін қиыншылықтары және ерекшеліктері.

6. 100 шамасындағы сандардың нөмірлеуін және олармен арифметикалық орындауын оқыту әдістемесі:

Арнайы мектепте 100 шамасындағы сандардың нөмірлеуін және олармен арифметикалық орындауы (уақыт, кезең). 100 шамасындағы сандардың нөмірлеуін және арифметикалық әрекеттерді оқытудың міндеті. 100 шамасындағы сандардың нөмірлеуін және арифметикалық әрекеттерді оқыту жұмысының мазмұны. 21-100 шамасындағы сандарды оқытудың әдістемесі.нөмірлеуін. 100 шамасындағы сандарды көбейту және бөлу амалдарды оқытудың негізгі тәсілдері.

Арнайы мектеп оқушыларының 100 шамасындағы сандардың нөмірлеуін және олармен арифметикалық орындауда қолданылатын көрнекі құрал және дидактикалық жабдықтар.

100 шамасындағы сандарды нөмірлеуде және арифметикалық орындауда кездесетін қиыншылықтары және ерекшеліктері.

7. Арнайы мектепте метрикалық өлшемдер жүйесін оқыту әдістемесі.

Арнайы мектепте метрлік өлшемдер жүйесін оқыту (уақыт, кезең). Тарауларды оқытудың міндеттерінің мәні: «Уақыт», «Ұзындық», «Масса».

Уақыт өлшемдері. Ұзындық өлшемдері. Масса өлшемдері. Көлем өлшемдері. Арнайы мектепте өлшем бірліктерді оқытудың жалпы және әдістемелік талаптары. Арнайы мектепте метрлік өлшемдер жүйесін оқытудың мазмұны мен әдісі. Тараудың негізгі тақырыптары: Уақыт өлшемдерін оқытудың әдісі; Ұзындық өлшемдерін оқыту әдісі; Массалық өлшемдерді кезектілікпен оқытудың әдістерінің міндеті; Сыйымдылық өлшемдерін оқытудың әдісі – литр; Баға өлшемдерін оқыту әдісі.

Көрнекі және дидактикалық материалдар.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларды метрлік өлшем жүйелерін оқытуда кездесетін қиыншылықтары мен ерекшеліктер.

8. Көбейту және бөлу кестелерін оқыту әдістемесі:

Арнайы мектепте көбейту және бөлу амалдарын оқыту (уақыт, кезең). Арнайы мектепте көбейту және бөлу амалдарын оқытудың міндеттері. Көбейту және бөлу кестесін оқытудағы жұмыстың мазмұны. Көбейту және бөлу кестелерін оқытудың кезектілігі.

20 және 100 шамасындағы сандармен көбейту және бөлу кестелерін оқыту әдістемесі.

Көбейту және бөлу амалдарын оқытудың негізгі тәсілдері. Көбейту және бөлу кестелерін оқытуда қолданылатын дидактикалық жабдықтар және көрнекі құралдар.

Арнайы мектепте көбейту және бөлу амалдарын оқытуда кездесетін қиыншылықтар мен ерекшеліктері.

9. 1000 шамасындағы және көптаңбалы сандардың нөмірлеуін және олармен арифметикалық амалдарды орындауын оқыту әдістемесі:

Арнайы мектепте 1000 шамасындағы және көптаңбалы сандарды оқыту(уақыт, кезең). 1000 шамасындағы және көптаңбалы сандарды нөмірлеуде оқытудың міндеттері.

1000 және көп таңбалы сандардың нөмірлеуін оқыту кезектілігі. 1000 және көп таңбалы сандардың нөмірлеуді оқытудың құрылымы. Арифметикалық амалдарды орындаудағы негізгі ерекшеліктері: арнайы мектепте 1000 және көп таңбалы сандарды көбейту және бөлу. 1000 және көп таңбалы сандардың көбейту және бөлу амалдарын кезектілікпен оқытуды қалыптастыру. Оқыту барысында қолданатын көрнекі - дидактикалық құралдар.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың 1000 шамасындағы және көптаңбалы сандардың нөмірлеуін және олармен арифметикалық амалдарды орындауын меңгерудегі кездесетін қиыншылықтары.

10. Қарапайым және күрделі арифметикалық есептерді шешуге оқыту әдістемесі.

Қарапайым және күрделі арифметикалық есептерді түсіну. Арифметикалық есептердің топтастырылуы. Арнайы мектепте математика курсына оқытуда жәй және арифметикалық есептер (уақыт, кезең). Мүмкіндігі шектеулі балаларды өмірге дайындаудағы жәй және күрделі арифметикалық есептерді шешудегі түсінігін қалыптастыру.

Жәй арифметикалық есептерді шешудегі дайындық жұмыс. Жәй және күрделі арифметикалық есептерді оқытудағы әдістемелермен таныстыру. Жәй және күрделі арифметикалық есептерді шешудегі әр түрлі әдістемелік жұмыстар.

Жәй арифметикалық есептерден күрделі есептерге өту. Математика сабағында жәй және күрделі арифметикалық есептерді шешудегі негізгі жұмыс. Жәй және күрделі арифметикалық есептерді жазудың түрлерінің мазмұны. Жәй және күрделі арифметикалық есептерді шешуде иллюстрация, драматизация амалдарын пайдалану. Қолданатын көрнекіліктер.

Арнайы мектепте жәй және күрделі арифметикалық есептерді шешудегі кездесетін қиындықтар мен ерекшеліктер.

11. Арнайы мектептерде геометриялық материалдарды оқыту әдістемесі:

Арнайы мектепте геометриялық материалды оқыту (уақыт, кезең). Арнайы мектепте геометриялық материалды оқытудың міндеті және жұмыс мазмұны. Арнайы мектепте геометриялық көрнекіліктердің элементтерін оқытудың негізгі талаптары мен жалпы әдістемелері.

Арнайы мектептің кіші сыныбында геометриялық фигураларды оқыту әдістемесінің мазмұны.

Арнайы мектептің жоғарғы сыныбында геометриялық фигураларды оқыту әдістемесінің мазмұны. Көрнекі–дидактикалық жабдықтар.

Арнайы мектепте геометриялық материалды оқытудың қиындықтары мен ерекшеліктері.

12. Көлемді өлшеудің және олармен жұмыс жасауда шыққан сандарды оқыту әдістемесі:

Арнайы мектепте көлемдік өлшемдерді орындаудан шыққан сандарды оқыту әдісі (уақыт, кезең).

Көлемдік өлшемдерді орындаудан шыққан сандарды оқыту әдісі, олардың практикалық мәні. Арнайы мектепте мүмкіндігі шектеулі балаларға көлемдік өлшемдерді орындаудан шыққан сандарды оқыту әдісі ерекшеліктерін меңгеру. Көлемдік өлшемдерді орындаудан шыққан сандарды практикалық жаттығуларда қолданудың мәні. Көлемдік өлшемдерді орындаудан шыққан сандарды оқытудың әдісі. Көлемдік өлшемдерді орындаудан шыққан сандардың арифметикалық амалдарын орындау әдісінің кезектілігі. Өлшем бірліктерін сандарға қосу және азайту

амалдарын ажырата білу (ұзындық, масса, баға, бір және әр түрлі өлшемдер) . Негізгі есептеу тәсілдері: үлкен өлшемдерді кіші өлшемдерге ауыстыру, керісінше кіші өлшемдері үлкен өлшемдерге ауыстыру.

Көрнекі және дидактикалық жабдықтар.

Арнайы мектеп оқушыларының көлемдік өлшемдерді орындаудан шыққан сандарды оқытуда кездесетін қиындықтар мен ерекшеліктері.

13. Уақыт өлшемдерін оқыту әдістемесі:

Арнайы мектепте уақыттық өлшемдерді оқыту. Арнайы мектепте уақыт өлшемдерін оқытудың міндетінің мәні. Арнайы мектепте уақыт өлшемдерін оқытудың дидактикалық талаптары. Мүмкіндіктері шектеулі балаларға уақыт өлшемдерін оқыту құрылымының кезектілігі.

Уақыт өлшемдерін оқытуда қолданылатын дидактикалық және көрнекілік жабдықтар.

Арнайы мектепте уақыт өлшемдерін оқытуда негізгі құрылымның ерекшеліктері мен қиыншылықтары.

14. Арнайы мектептерде жай бөлшектерді оқыту әдістемесі.

Арнайы мектепте жай бөлшектердің жазылуы, өзгертілуінің оқытудың әдістемесі. Жай бөлшектерді оқытудың міндеттері мен мазмұны. Мүмкіншілігі шектеулі оқушылардың жай бөлшектер түсінігін қалыптастыру.

Арнайы мектепте бөлшектерді оқытудың дайындық кезеңі (тұтас және жарты түсініктерді қалыптастыру) . Білім беруде жай бөлшектерді оқыту және жазылу түрінің әдістемесі. Жай бөлшектің қасиеті мен өзгертілуін оқыту әдістемесі.

Жай бөлшектерді арифметикалық амалдарда қолдану ерекшелігі. Жай бөлшектерді қосу және азайтуды оқытудың әдістемесі. Ондық бөлшекті бүтін санға көбейту және бөлуді оқытудың әдістемесі.

Арнайы мектепте жай бөлшектердің жазылуы, өзгертілуінің оқытуда қолданатын көрнекі - құралдар, дидактикалық жабдықтар.

Арнайы мектепте жай бөлшектердің жазылуы, өзгертілуінің оқытуда кездесетін қиындықтар мен ерекшеліктері.

15. Арнайы мектептерде ондық бөлшектерді оқыту әдістемесі:

Арнайы мектепте ондық бөлшектерді оқыту. Арнайы мектепте ондық бөлшектерді оқытудың міндеті мен мазмұны. Арнайы мектепте ондық бөлшектерді оқытудың практикалық бағыты.

Ондық бөлшектерді оқытудағы дайындық жұмыс. Ондық бөлшектердің жазылуы, оқылуы, оқыту әдісі. Ондық бөлшектерді оқыту әдісі (негізгі құрылымы, бөлшектерді салыстыру).Ондық бөлшектерді қосу және азайтуды оқытудың кезектілігі. Арнайы мектепте ондық бөлшектерді көбейту және бөлуге оқытудың әдістемесі.

Көрнекі және дидактикалық жабдықтар.

Арнайы мектепте ондық бөлшектерді оқытудың ерекшеліктері мен қиындықтары.

Практикалық (семинарлық) сабақтарының тақырыптары

1. Арнайы мектепте математиканы оқытудың әдістемесі: міндеттері, әдісі, оқытудың ерекшелігі.
2. Математиканы оқытудағы дайындық кезеңі.
3. Санау жұмысының әдістемесі (тура және кері).
